

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

сайланса, таң қалудың керегі жоқ шығар, себебі ондай алып тұлғалар өмірінің соңына дейін елді басқаруға лайықты деп ойлаймын.

Екі президент әр қилы дәуірде жасаса да, олар бір мақсатпен, яғни халқына, еліне адал қызмет ету мақсатымен жасаған. Екеуі де ұлы міндеттерді атқарып, туған халқының күш –күдіретін биікке көтерді. Ел- халқының мол алғысын алды. Екеуі де «Ұлы реформатор» атанған, елінің қамы үшін жаралған «Қос кемеңгер» десек болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <http://www.forbes.ru/rating-photogallery/304835-samyevliyatelnye-lyudi-mira-2015-reiting-forbes/photo/1>
2. <https://baq.kz/kk/news/kogam/sanda-kandai-sir-bar-20907>
3. <http://saigez.kz/?p=5975>
4. https://baq.kz/kk/regional_media/post/40836
5. Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандарына (бакалавриат) арналған оқулық/Б.Ғ.Аяғанның жалпы редакциясымен.- Алматы : Паритет, 2010.-448 бет.
6. <http://stud24.ru/history/ruzvelttin-zhana-bagyt-sayasaty/466633-1769493-page2.html>
7. <http://e-history.kz/kz/books/education/view/273#scontent>
8. <http://e-history.kz/kz/books/education/view/458#scontent>
9. <http://www.oinet.kz/news/sayasat/i2875>

Жумабекова Д.А.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 4 курс студенті
Астана қ., Қазақстан
(Ғылыми жетекші: доцент, Ph.D докторы Рыстина И.С.)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Кез-келген дамып келе жатқан демократиялық мемлекет өз алдына азаматтардың еркін дамуы мен өркендеуіне жағдай жасау міндетін қояды. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы екі мақсатты көздейді: халықтың өмір сапасының деңгейін көтеру және демократиялық, адамгершілікті қоғам қалыптастыру. Қазіргі таңда демократиялық қоғамдағы халықтың өмір сүру сапасы еліміздегі білім беру жүйесімен тікелей байланысты. Сондықтан, осы мақалада білім мәселесін жетілдіру үшін білім беру жүйесінің эволюциясы талданады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігін алғаннан кейін білім беру жүйесінің нақты бағыттары анықталып, бүгінгі күнге дейін жүргізіліп жатқан реформалардың қатарына қосылды.

Білім саясатының дамуын өз ерекшеліктерінің сипатталуына байланысты бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады [1].

Бірінші кезең үшін (1991-1994жж) Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін, өзгерген жағдайларға байланысты заңнамалық базаның қалыптасуы өзекті мәселе болды. Сол себептен, **негізгі сұрақтар** болып:

- Білім алуға деген мемлекеттік гранттардың азаматтарға тіркелуі;
- Бюджетті рационалды пайдалану арқылы, жаңа құқықтық негіздерді қалыптастыру мақсатында саланы экономикалық түрде қамтамасыз ету;
- Бюджеттен тыс қаржыны тарту және жекеменшік құқықты реттеу;

Білім беру саласын реттейтін негізгі заң болып 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы заңы қабылданды.

Экономикалық және әлеуметтік өзгерістердегі қиындықтар білім жүйесіндегі концептуалды-бағдарламалық әдістерді қайта қарастыру мен қабылданған заңнамалық базаның негізінде бағыттар мен жолдарды нақтылауды өзекті қылып шығарды.

Осы кезеңде 18 концепция қабылданды, олардың қатарына: білім саласындағы мемлекеттік саясат концепциясы, Мемлекеттік білім беруді қолдайтын ұлттық бағдарлама, жалпы білім беретін мектептерге кітаптар мен оқу-құралдарын дайындау мен шығару жайлы мақсатты жоспар бар.

Білім беру жүйесін реформалау барысында негізгі басымдылықтар шығарылып, айқындалды:

- Білім жүйесін қаржыландыру, яғни басқа да қаржы көздерін қолдану, қаржылай және шаруашылық дербестігін дамыту;
- Жергілікті және республикалық мүдделерді ескере отырып білім беру жүйесін бірқалыпты дамыту;
- Республикалық және жергілікті деңгейдегі білім жүйесінің басқаруын тиімді түрде қалыптастыру;
- Білім беру үдерістерін жаңарту және жетілдіру- алынған білім мен дағдыны тәжірбиелік маңыздылығын арттыру;
- Халықаралық білім кеңістік интеграциясын қалыптастыру, білім берудің ұлттық деңгейін халықаралық стандарттарға жақындастыру;
- Білім беру жүйесінің тиімді құқықтық базасын қалыптасыту.

Көрсетілген реформаланудың басым бағыттары Қазақстандағы білім алу деңгейінің қолжетімділігін сақтай отырып, болашақта біздің стандарттарымыздың халықаралық деңгейге жақындасуына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, көрсетілген уақытта мемлекет қақтығысқан әлеуметтік-экономикалық мәселелердің салдары болып табылатын жағымсыз тенденциялар да болды. Әкімшіліктік-топтық жүйеден нарық жағдайындағы реттеуші функцияға ауысудың қиын болуының себебі республикалық және жергілікті бюджеттегі қаражаттың жетіспеуінен болды. Оптимизациялау саясаты мектепке дейінгі білімді жоюға, сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемердің бұқаралық ликвидациясына алып келді. Осындай қиын-қыстау жағдайда орта жалпы білім беру мекемелері қалды, әсіресе, ауылдық жердегі мектептер жабылып қалды. Мұғалімдердің көп бөлігінің кәсіпкерлік пен бизнес саласына ығысуы жалпы орта білімнің сапасы мен деңгейіне теріс әсерін тигізді.

Қалдықтық қаржыландыру жағдайында кәсіби білім беру жүйесі мен кадрларды дайындау қайта жасақталды. Инвестицияның жоқтығы орта кәсіби білімге де теріс әсер етіп, мамандандырылған мектептер таратылудың шегінде болды. Орта шендегі мамандар мен білікті жұмысшылардың шығарылуы тоқтатылды.

Бірақ, **екінші кезеңнен бастап (1995-1999 жж.)** қазақстандық білім беру жүйесінде экономикалық өзгерістер мен демократизация процестерінің дамуына негізделген жағымды өзгерістер байқалды. Бұл өзгерістер өздерінің рәсімделуін 1999ж 7 маусымда шыққан «Білім беру» туралы заңында көрсетті.

Білім беру жүйесіне артылған негізгі міндеттердің бірі еліміздің экономикалық саласын кадрмен қамтамасыз ету болды. Осы жолда Үкіметтің тапсырысымен жасалған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мекемелердегі студент контингентінің қалыптасуының жаңа моделі» қаулымен бекітілді (1991ж.). Оның мақсаты абитуриенттердің білім деңгейін объективті бағалауды жоғарылату, мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік ЖОО-на тапсырушылардың арасынан дарынды жастарды таңдап алу. Бұл модель мемлекеттік ЖОО-ға тапсыру механизмі туралы ережені дамыту бағытындағы бірінші кезең болып табылады.

Үшінші кезең (1999-2000жж.)- білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтарын ұлғайту және басқару мен қаржыландыруды орталықсыздандыру. Бұл кезеңде білім беру жүйесін басқаруда шынайы орталықсыздандыру болады, жоғары оқу орындарына қабылдау жүйесі түбегейлі өзгеріп, мемлекеттік білім тапсырысының негізінде жоғары кәсіби білімі бар мамандарды дайындауға кірісті. 1999 жылдан бастап студенттік контингентті абитуриенттерге мемлекеттік оқу грантының конкурсы негізінде қалыптастыра бастады, сонымен қатар, ақылы түрде оқу түрі пайда болды.

Білім беру жүйесінің реформалауының ең маңызды этапы **төртінші кезең болды (2001ж-қазіргі уақыт)**. Қазақстан Республикасының білім жүйесін дамыту 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама дайындалды[2]. Осы құжаттың негізінде орта мерзімді білім беруді дамыту

туралы екі мемлекеттік бағдарлама жасалды, біріншісі 2000 жылы бекітілді (2000-2005жж. аралығына), екіншісі- 2004 жылы бекітілді (2005-2010жж. аралығына). Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту 2010 жылға дейінгі бағдарламасы білім жүйесін дамыту- 2015жыл концепциясының негізінде жасалды. 2005-2010жылға ҚР білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасында білім саясатының басымдықтары деп жоғары білім беру жүйесінің нарықтық экономикалық жағдайға бейімделуінің оптималды жолдарын іздеу. Бағдарлама екі кезең негізінде жүзеге асты: бірінші-2005-2007 жылдары, екіншісі -2008-2010 жылдар. Бағдарламада дамудың келісідей негізгі бағыттары көрсетілген:

- Орта білім жүйесінің 12 жылдыққа ауысуы;
- Кәсіби және технологиялық білім жүйесін қалыптастыру;
- Кәсіби кадрларды дайындауда академиялық кредит жүйесінің негізінде, халықаралық старндарттарға, Болондық декларация ережелеріне сай үшсатылық жүйені қамтамасыз ету (бакалавриат-магистратура-доктарантура Ph.D);

- Білім деңгейін бағалайтын ұлттық жүйені қалыптасытру.

Қазақстандық жүйенің құрылымы ЮНЕСКО ұсынған, білім бағдарламаларының халықаралық классификация стандарты-1997 (МСКО) критерийларына сәйкестендірілген. Заңның 8 бабына сәйкес, білім беру жүйесі жеті деңгейден тұрады. Олардың біріншісі- мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту, кейін бастауыш, негізгі орта, орта, ортадан кейінгі, жоғары және ЖОО-нан кейінгі білім.

Қазақстандық ЖОО-ның жалпы қабылданған принциптерден айнымайтындығын еліміздің оқу орындары қол қойған Ұлы хартия айғақтайды. 2011 жылға бұл хартияға Қазақстанның 18 университеті қол қойған. 2007 жылдан бастап екідипломдық білім бағдарламасы мақсатты түрде енгізіліп келеді. Ел басшысы Н.Ә.Назарбаев бастамашылық еткен «Болашақ» бағдарламасымен жылына шамамен 3000 студент шет елде оқыған (бүгінгі күнде студенттер саны азайған). 2008 жылдан бастап барлық ЖОО білім берудің кредиттік технологиясына ауысты. Ол студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз ету үшін және отандық білім бағдарламасының, академиялық пәндердің шет елде мойындалуы үшін арналған. Қазақстанда халықаралық стандарттарды ескере отырып, ұлттық аккредитация жүйесі жасалынды. 2009 жылы бес ұлттық университеттер (Аль-Фараби ат. ҚҰУ, Қ.Сәтпаев ат. ҚазҰТУ, Абай ат. ҚазҰПУ, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ) 10 білім беру бағдарламасына аккредитация жасады [5].

Қазақстандағы білім беру жүйесі барлық оқушылардың білімге ашық қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты республикада студенттік контингентті қалыптастырудың жаңа формасы енгізілді. Оның мағынасы, мектеп түлектерінің ҰБТ-да жинаған балдары

бойынша мемлекеттік грант белгілі бір оқушыға беріледі. Мемлекет грантты республикалық бюджеттен еліміз үшін басым мамандықтарға бөледі [6].

2010 жылы ҚР білім жүйесін дамытуда екі сатылы 2011-2020жж. арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Мемлекеттік бағдарламаның бірінші кезеңі 2011-2015 жылдарға бағытталған, ал екінші кезеңі- 2016-2020жылдарға. Бірінші кезеңді қаржыландырудың жалпы 461 миллиард тенге (3,1 миллиард доллар). Бағдарлама педагогикалық саланың ерекшеліктерін ескере отырып, еңбекке төлемақы беру жүйесінің жаңа дифференциясын құрасытру мен енгізуді қарастырады. Жоспарда- мектептегі және жоғары оқу орнындағы, сонымен қатар, жоғары білім, ғылым мен өндіріс бағдарламасын біріктіру. Одан бөлек, ЖОО жүйесіне бірте-бірте енгізулер жасалынып жатыр: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық университеттер, зерттеу университеттері, институттар және академиялар. Осы бағдарламаның шеңберінде, қазіргі таңдағы әр-түрлі бағыттардағы 140 жоғары оқу орындарының ішінен тек 50 университет пен 30 институт қалуы керек, одан басқалары академияларға айналып, жалпы саны 100-ден сапауы тиіс [7].

Бірақ, қолданылып отырған шараларға қарамастан Қазақстанның білім беру саласында **бірнеше шешілмеген мәселелер** бар. Бірінші кезекте, ол педагогикалық кадрлардың мәселесімен байланысты. Бір жағынан, ЖОО-ның профессор-оқытушы құрамының “қартаюы”, екінші жағынан, дарынды жастардың білім беру саласына деген ағымының жетіспеушілігі. **Негізгі себептері:**

- Экономикалық салалармен салыстырмалы түрде жалақы деңгейінің төмендігі, сәйкесінше бұл мамандықтың беделіне кері әсерін тигізеді.

- Кәсіби жоғары білім беру жүйесінде ЖОО мен ғылым арасындағы, өндіріс пен эксперименттік базаның айырмашылықтың артып келуі, сәйкесінше бұл білім процесінің және болашақ мамандардың тәжірбиелік сапасының төмендеуіне алып келеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта бірқатар реформалар іске қосылды:


- 5 күндік оқу жүйесіне ақырындап, жоспарлы түрде ауысу;
- Міндетті оқу уақытын 12 жылдық формаға ауыстыру;
- 2017 жылдан бастап ҰБТ-ның жаңа форматта болады;
- 2018-2019жж. бастап 3 тілде білім алуға көшу, яғни, оқу тіліне қарамастан «Қазақстан тарихы»-қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихы»-орыс тілінде, «Информатика», «Химия», «Биология», «Физика» және «Математика» пәндері ағылшынша жүргізілетін болады.

Осы өзгерістерге қатысты бірнеше сауалнамалар өкізілген, сауалнама жауаптарын қарастыратын болсақ:

I. 12 жылдық білім беру жүйесіне ауысу жайлы [8].

II.

Сіз қазақстандық мектептердің 12 жылдық білім беру жүйесіне ауысуын қолдайсыз ба?



Жоғарыдағы диаграммадан көріп отырғанымыздай, сауалнамаға қатысқандардың 60%-дан көбі 12 жылдық білім беруге қарсы көзқарастарын білдірген, ал 30% білім саласындаға бұл өзгерісті қолдаған, шамамен 8% өз ойларын білдіре алмады.

III. 3 тілдің білім беру [8].

Сіз ҚР мектептерінің 3 тілдік білім беру идеясын қолдайсыз ба?



Бұл сауалнаманың жауабы бойынша, 3 тілдік білім беру жүйесін толықтай қолдағандар шамамен 54%, ал қолдамағандар саны- 33%, жауап беруге қиналғандар- 13%.

Сонымен қатар, 03/11/2016 күні Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің журналистика және саясаттану факультеті, С-41 тобының студенттері арасында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі соңғы өзгеріс, атап айтқанда 3 тілді білім беруге ауысу тақырыбында брейнсторминг өткізілді.

Брейнсторминг барысында:

1. Қатысушылардың 70%-ы бұл өзгерістің кішкентай жастағы балалардың қабылдауына теріс әсерін тигізіп, ұлттық құндылықтардан айырылып қалуымыздың мүмкіндігін айтты;
2. Алдағы 3 жылда ағылшын тілін жетік меңгерген оқытушы-мұғалімдерді табу қиын;
3. Қазақ тіліне деген сұраныс жоғалуы мүмкін;
4. Білімнің сапасы төмен;

Брейнсторминг нәтижесі бойынша Білім және ғылым министрлігіне мынандай ұсыныстар жасалынды:

1. Эксперименттік класстар ашу;
2. Бұл жүйеге ауысу жаңа ұрпақтан басталуы керек;
3. Бастауыш сыныптарға қазақша білім беру;
4. Отбасындағы тәрбиені жақсарту жайлы жұмыстар жүргізу;
5. Білімнің сапасын арттыру.

Қазақстандағы жоғары оқуды жаңа халықаралық деңгейге көтеру үшін, білім және ғылым саласына тұрақты түрде инвестициялар қажет, сол арқылы елімізде бәсекелестікке сай мамандарды дайындай аламыз.

Осылайша, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері білім беру жүйесіне үлкен реформа жасалды, жасалып келе жатыр. Экономика мен білімнің дамуы бір-бірімен тығыз байланысты. Бір жағынан экономикалық дамусыз білім саласының дамуы мүмкін емес, ал екінші жағынан, жоғары білікті мамандар, кадрлар болмаса экономикалық ілгері жүру де болмайды.

Әдебиеттер:

1. Национальный доклад по развитию системы высшего образования Республики Казахстан
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. - Астана, 2004.
3. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года.
4. Образование и наука в Республике Казахстан. (Информационно-статистические материалы). - Астана, 2005.
5. edu.gov.kz/ru/

6. Джумабаева М. Образование. Спорная система. // Деловая неделя. - 2000. - 18 ақпан.

7. edu.gov.kz/ru/

8. Информационно-аналитический центр, <http://iac.kz/ru/node/3157/results>

Жетписбаева Ж.Ж.
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ,
«Саясаттану» мамандығының 3 курс студенті
(Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Ғ.Ә.Жұмасұлтанова)

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒДАРЫ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тарихи ақиқатқа сүйенетін болсақ, ұлттық бірлік және қоғамды белгілі идеяға шоғырландыру әр мемлекеттің әлеуметтік-саяси тұрақтылығын сақтау және оның өркениетті даму жолын қамтамасыз етудің ең маңызды шарты болуына ешқандай күмән келтірмейміз. Өткен ғасырда осы мәселе кез келген мемлекеттің демократиялық даму жолына көшудің өзекті және негізгі шарты болатындығы туралы белгілі американ саясаттанушы Д.Растоу айтқан болатын [1, с.659].

Ел болу мәселесі, ұлтты сақтау, жерді, туған атамекенді қорғау мәселесі қазақ халқы үшін қашанда тарихи даму тұрғысынан маңызды болып келе жатқаны белгілі. Осы аталған мәселелер ешқашан да күн тәртібінен түскен емес. Олар әртүрлі тарихи кезеңдерге байланысты көкейлестіленіп, қоғамдық ой-сананың өзегіне айналып отырған. Бүгінде осы мәселелер тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алдында тұр. Елбасы өзінің Қазақ халқына арнаған кезекті 2014 жылдың 17 қаңтарындағы Жолдауында да «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи астарына тоқтап: «Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы байқуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», - деп атап өткен [2].

Біздің бұл мақаладағы басты ойымыз «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазіргі Қазақстан қоғамының негізгі даму бағдары ретінде болуын дәлелдеу.

«Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру үшін, біздің ойымызша, оның тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Бұл жерде біз түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология